

## Атырау облысының агроенеркәсіптік кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 15 қарашадағы № 402 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 желтоқсанда № 2831 тіркелді

**РҚАО ескертпесі: Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабы 2-тармағының 10-1) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Атырау облысының агроенеркәсіптік кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары F.I. Дүйсембаевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Измұхамбетов*

Атырау облысы әкімдігінің 2013

жылғы 15 қарашадағы № 402

қаулысына косымша

Атырау облысы әкімдігінің 2013

жылғы 15 қарашадағы № 402

қаулысымен бекітілген

## Атырау облысының агроенеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасы

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Атырау облысының агроенеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" (бұдан әрі - Заң) және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарына сәйкес әзірленді және Атырау облысының агроенеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) саласында инновациялық жобаларды

жергілікті бюджет қаражаты есебінен енгізу мен тарату және Атырау облысының АӨК-де зияткерлік меншік объектілерін енгізу мен тарату бойынша қабылданған шаралар туралы есеп беру үшін оларды іріктеуді ұйымдастырудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидада келесі негізгі ұйымдар пайдаланылады:

1) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Атырау облысының АӨК-де инновациялық тәжірибелі енгізу және тарату бойынша бюджеттік бағдарламаға әкімшілік ету жөніндегі функциялар жүктелген - "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекеме;

2) өтініш беруші - жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру үшін инновациялық жобаны Атырау облысының АӨК-не енгізу мен таратуға арналған, оны іске асыру жөніндегі іс-шараларды көрсете отырып белгіленген нысандағы өтінімді ұсынған Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті жүзеге асыратын субъект немесе агрономеркәспіттік кешен субъектісі;

3) агрономеркәспіттік кешенінде субъектілері - Атырау облысының агрономеркәспіттік кешенінде өз қызметін жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар;

4) өтінім – бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне ұсынылатын, осы Қағидаға қосымшаларға сәйкес белгіленген нысандағы құжаттар пакеті;

5) ғылыми ұйымдар (бұдан әрі - FY) – ғылыми зерттеулер жүргізуге мемлекеттік аккредитациясы бар, негізгі қызметі АӨК-де ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет көрсету болып табылатын занды тұлғалар;

6) инновациялық жобаны іске асыру бойынша іс-шаралар – жергілікті бюджет қаражаты есебінен Атырау облысының АӨК-на инновациялық жобаны енгізу бойынша шаралар кешені.

## **2-тaraу. Инновациялық жобаларды іріктеудің тәртібі мен шарттары 1. Инновациялық жобаларды іріктеу тәртібі**

3. Атырау облысының АӨК кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді (бұдан әрі - инновациялық жобаларды іріктеу) осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес өтініш берушіден өтінім қабылдағаннан кейін конкурстық негізде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүзеге асырады.

4. Инновациялық жобаларды іріктеуге құжаттар берудің және конкурс (бұдан әрі - конкурс) өткізудің мерзімдері облыстық бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен белгіленеді.

5. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі, конкурс өткізу басталmas бұрын 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттарды қабылдау алдында ресми баспасөз бүкараптық ақпарат құралдарында және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында тиісті хабарландыруды жариялады.

6. Инновациялық жобаларды іріктеу рәсімі төрт кезеңде жүзеге асырылады:

бірінші кезең: өтінімдердің толықтығы мен ресімделу сапасын, осы Қағиданың талаптарына сәйкестігін бюджеттік бағдарлама әкімшісімен қарауы;

екінші кезең: бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен инновациялық жобалардың іріктеу талаптарына өтінімдердің сәйкестігі негізінде олар бойынша кешенді қорытынды дайындауы;

үшінші кезең: инновациялық жобаларды іріктеу бойынша комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) өтінімдерді қарауы және кешенді қорытындысы.

төртінші кезең: бюджеттік бағдарлама әкімшісінің Комиссияның қорытындысы негізінде инновациялық жобаны қаржыландыру немесе қаржыландырудан бас тарту туралы шешім қабылдауы.

7. Конкурсқа қатысу үшін өтініш беруші келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

- 1) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес өтінім нысанын;
- 2) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес инновациялық жобаны (жобаларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын;
- 3) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес инновациялық жобаны (жобаларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына түсіндірме жазбаны;
- 4) осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес инновациялық жобаны (жобаларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралардың шығыстар сметасын;
- 5) занды тұлғалар үшін:

жарғының көшірмесін, мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәлігі, анықтамасын;

соңғы екі жылдың қаржылық есептілігінің көшірмесін;

үш айдан астам (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) салық берешегінің және міндетті зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқтығы туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы;

өтініш беруші қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар, өтініш берушінің банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған, мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті жеткізушиге екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады), анықтама өтінім берілген күннің алдындағы бір айдың ішінде берілуі тиіс;

агарлышық сипаттағы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық салалардағы жұмыстарды атқаруға өтініш берушінің біліктілігін растайтын лицензиялардың, патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың және басқа да құжаттардың көшірмелерін;

6) жеке тұлғалар үшін:

жеке күелігінің көшірмесі, кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгені туралы құжат (болған жағдайда);

салық төлеуші ретінде салықтық берешектерінің жоқ екендігі туралы салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы;

аграрлық сипаттағы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық салалардағы жұмыстарды атқаруға өтініш берушінің біліктілігін растайтын лицензиялардың, патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың және басқа да құжаттардың көшірмелері;

құжаттардың көшірмесін тапсырған уақытта олардың түпнұсқаларын салыстыру үшін ұсынылады;

8. Инновациялық жобаларды енгізу және тарату үшін конкурсқа қатысу үшін өтініш беруші (лер) ұсынатын материалдар осы Қағиданың және оған қосымшалардың талаптарына қатаң сәйкесті, бірыңғай папкаға құрастырылып, параптары нөмірленіп және ресімделеді.

9. Өтініш беруші ұсынған құжаттардың, бастапқы деректердің, есептесулердің, негізdemelerdің толықтығы мен растығын қамтамасыз етеді. Өтініш берушінің толық емес немесе сенімді емес деректерді ұсынуы өтінімді қабылдамауға негіз болып табылады.

10. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен инновациялық жобаларды іріктеу рәсімінің бірінші кезеңінен өткен және осы Қағиданың талаптарына сәйкес келетін өтінімдер бойынша, олардың инновациялық жобаларды іріктеу талаптарына сәйкестігі негізінде кешенді қорытынды дайындайды.

11. Инновациялық жобаны (жобаларды) іріктеуге қойылатын талаптар:

өтініш беруші ұсынған материалдардың осы Қағиданың талаптарына сәйкестігі;

жобаның инновациялық бағыттылығы, техникалық іске асыруы, Атырау облысының аумағындағы АӘК-ді енгізуге және таратуға оның дайындығының деңгейі, патенттерінің болуы;

өзектілігі және Атырау облысының және Қазақстан Республикасының АӘК дамытудың басым бағыттарына сәйкестігі;

инновациялық жобаның қарожатын игерудің және Атырау облысының АӘК-гі әрі қарай келешегінің нақты тұжырымдалғанының көрінуінің болуы;

инновациялық жобаларды орындау үшін қажетті жабдықтардың, инфрақұрылым мен ресурстардың болуы;

инновациялық жобаның бәсекеге қабілеттілігі;

инновациялық жобаның экономикалық мақсатқа сәйкестігі.

12. Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің өтінімдерін және кешенді қорытындысын (бұдан әрі - материалдар) қарауды осы Қағидаға сәйкес Комиссиямен инновациялық

жобаларды іріктеу конкурсына түсken өтінімдер бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісінің кешенді қорытындысын алған сәтten бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Комиссия тұрақты негізде осы Қағидалардың қолданылуының барлық уақытында жұмыс істейді. Комиссияның құрамына бюджеттік бағдарламаның әкімшісінің бірінші басшысы және маманы, мұдделі мемлекеттік органдардың, ғылымның, бизнестің, бейінді қоғамдық пен үкіметтік емес ұйымдардың, сондай-ақ басқа да уәкілетті ұйымдардың өкілдері кіреді. Комиссия мүшелерінің құрамы облыс әкімінің қаулысымен бекітіледі. Комиссияның жұмыс органы бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылады.

13. Материалдарды қараудың қорытындылары бойынша Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бюджеттік бағдарлама шеңберінде инновациялық жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру туралы немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы ұсынымдарын шығарады.

Бұл ретте конкурсқа қатысуышылардың үздік ұсыныстарын таңдауды конкурстық құжаттамада анықталған критерийлер негізінде Комиссия жүзеге асырады.

14. Инновациялық жобаны қаржыландыру туралы немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы Комиссияның ұсынымдары Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді және Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

15. Комиссия ұсынымының негізінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі оның отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бюджеттік бағдарлама шеңберінде инновациялық жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру туралы немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

15-1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен өтініш берушіге алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беріледі, бұл алдын ала, бірақ шешім қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

**Ескерту. Қаулы 15-1 тармақпен толықтырылды – Атырау облысы әкімдігінің 16.05.2023 № 71 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

16. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі инновациялық жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылдаған кезден бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ол осы Қағидаға 8-қосымшадағы Өнірдің агроенеркәсіп кешені саласында инновациялық жобаны енгізу және тарату бойынша үлгі шартына сәйкес инновациялық жоба туралы шарт өзі мен конкурс қорытындылары бойынша анықталған өтініш беруші (лер) арасында жасалады.

17. Инновациялық жобаны қаржыландыруға бөлінген жергілікті бюджет қаражаты нысаналы мақсатында және шығыстар сметасымен қатаң сәйкестікте пайдаланылады.

Инновациялық жобаның пайдаланылмаған қаражаты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджетке қайтаруға жатады.

18. Инновациялық жобаны қаржыландыруға бағытталған бюджет қаражаты оларды шығыстар сметасында көзделмеген мақсаттарға жұмсалған жағдайда да Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджетке толығымен қайтаруға жатады.

## 2. Инновациялық жобаларды іріктеудің шарттары

19. Атырау облысының АӨК-де инновациялық жобаны іске асыру бойынша іс-шараларды жергілікті бюджеттен қаржыландыру мыналарға беріледі:

1) Атырау облысының жағдайына бейімделген АӨК саласындағы қолданбалы сипаттағы ғылыми жетістіктерді (әзірлемелерді) енгізуге және таратуға;

2) инновациялық агротехнологияларды Атырау облысының табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және өзге де жағдайларына бейімделген, АӨК субъектілеріне енгізуге және таратуға.

20. Атырау облысының АӨК-і саласына қолданбалы сипаттағы ғылыми жетістіктерді (әзірлемелерді), инновацияларды енгізу және тарату, мынадай жұмыс түрлерін қамтиды:

1) ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің технологиялық үрдісін енгізу және тарату;

2) Атырау облысының АӨК-де кешенінде инженерлік объектінің немесе техникалық жүйенің конструкцияларын енгізу және тарату (конструкторлық жұмыстар);

3) Атырау облысының АӨК-е ғылыми және инновациялық технологиялардың тәжірибелік үлгілерін (жаңадан жасалған қағидаттық өзгешеліктері бар бірегей моделдерді) енгізу және тарату;

4) селекциялық жетістіктерді енгізу және тарату;

5) шағын шаруа қожалықтарын ірілендіру есебінен тауар өндірушілердің әлеуетін арттыру.

6) ресурс- және энергоұнемдеуші техникалық құрылғыларды өндіру мен перспективтік технологиялар үшін ауыл шаруашылық дақылдарын өндіру және жинауды әзірлеу және ұйымдастыру.

Бұл ретте инновациялық жобаларды іске асыру үрдісінде теріс нәтижелер алыну шарасыздығы немесе жұмыстарды одан әрі қарай жүргізу мақсатқа сай келмеу жағдайлары инновациялық жобаны іріктеу және іске асырудың барлық кезеңінен өнірде инновацияларды тарату бойынша алынып тасталады. Инновациялық жобаларда теріс нәтижелерінің және/немесе іс-шараларды алға қарай өткізудің мақсатсыздығына әкеліп соғатын факторларының болуы алдын ала көзделген, инновациялық жобаларды енгізуге жол берілмейді.

21. Атырау облысының АӨК-де қолданбалы сипаттағы ғылыми жетістіктерді (әзірлемелерді) енгізуге және (немесе) АӨК субъектілеріне инновациялық технологияларды енгізуге және таратуға арналған инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға жергілікті бюджеттен қаржыландыруды беру, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің кешенді қорытындысының нәтижелері мен Комиссияның ұсынымы бойынша жүргізіледі.

22. Атырау облысының АӨК-да инновациялық жобаның іс-шараларын орындауға арналған жергілікті бюджет қаражатын өтініш берушінің (лердің) игеру нәтижесі миналар болып табылады:

1) Атырау облысының АӨК субъектілерінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің технологиялық процестерін жетілдіруді ұйымдастыру және енгізу;

2) Атырау облысының АӨК субъектілерінде инновациялық әзірлемелерді, оның ішінде селекциялық жетістіктерді енгізу және тарату есебін қоса беру;

3) Атырау облысының АӨК субъектілерінің агрономикасында ауыл шаруашылығы өнімінің тәжірибелік үлгілерін енгізу, есебін қоса беру;

4) Өнірдің АӨК субъектілеріне ауыл шаруашылығы өнімінің инновациялық өндірісі бойынша технологиялық (конструкторлық) құжаттаманы немесе жабдықтарды беру, растаушы материалдарымен қоса беру;

5) Атырау облысының АӨК субъектілеріне инновациялық тәжірибені, агротехнологияларды, ғылыми жетістіктерді енгізу және тарату бойынша қорытынды өнірлік кеңестер (семинарлар, егістік күндерін және т.б.) өткізу, есебін қоса беру.

23. Атырау облысының АӨК-не инновациялық жобаларды енгізу және тарату нәтижелерін бағалау өзінде миналарды қамтиды:

1) өтініш берушінің және өнірдің экономикасында еңбек өнімділігі мен өндіріс тиімділігін арттыруға ықпалын бағалауды және нақты айқын нәтижелерді қамтитын инновациялық жобаларды енгізу және тарату нәтижелерінің сан мен сапа көрсеткіштері ;

2) бұрынғы қолданылып келген технологиялармен салыстырғанда, инновациялық жобаларды енгізу бойынша іс-шараларды іске асырудан Атырау облысының АӨК субъектісі және ауыл шаруашылығы өндірісі үшін экономикалық тиімділік;

3) инновациялық жобаларды енгізу нәтижелерін Атырау облысының АӨК дамуына, аграрлық нарықтағы ахуалға экономикалық бағалау;

4) енгізуден технологиялық қатер болуын мейлінше азайту және АӨК нақты субъектісінің жағдайында енгізу үрдістер ғалымдардың жеке сүйемелдеуі арқылы жобаның іс-шараларын тиімді іске асырудан мейлінше мол табыс алу.

24. Атырау облысының АӨК-е инновациялық жобаларды енгізу және тарату бойынша іс-шаралар миналарды қамтиды:

1) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі - ЕЗТКЖ) нәтижелерін өндіріске енгізуді ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу бойынша

консультациялық, қызметтер көрсету, оның ішінде ғылыми шығыстар материалдарын алу;

- 2) зертханалық, оның ішінде енгізудің нәтижелері бойынша талдау жүргізу;
- 3) АӨК субъектілерінің немесе ғылыми және тәжірибелік және өзге де аграрлық бейіндегі ұйымдардың өндірістік базасында инновациялық жобаларды енгізу бойынша ғылыми-практикалық семинар-кеңестер (егістік күндерін және т.б.) өткізу;
- 4) ҒЗТКЖ тәжірибесін және алынған нәтижелерін тарату (танастырылым, мақалалар жариялау, кітапшалар, буклеттер дайындау және шығару, бейнематериалдар дайындау).

25. АӨК субъектілеріне аграрлық саладағы қолданбалы сипаттағы ғылыми жетістіктерді (әзірлемелерді) және инновациялық агротехнологияларды енгізу және тарату бойынша іс-шараларға, жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты игеру мерзімі және оның сомасы нақты инновациялық жобаның ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады, алайда мыналардан артық емес:

мерзімі бойынша - 24 (жиырма төрт) ай;  
сомасы бойынша – 20 (жиырма) миллион теңгеге дейін.

26. Инновациялық жоба туралы шартта анықталған мерзім ішінде осы технологияларды енгізу бойынша қабылданған шаралар туралы бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне кезеңдік есеп бере отырып, Атырау облысының АӨК субъектілерінің кәсіпорындарында инновациялық технологияларды міндетті енгізген жағдайда Атырау облысының АӨК-нің субъектілеріне аграрлық бейіндегі инновациялық технологияларды енгізуі және таратуды көздейтін инновациялық жоба жөніндегі іс-шаралар үшін жергілікті бюджеттен қаржыландыру беріледі.

27. Аграрлық бейіндегі инновациялық технологияларды енгізуге және таратуга арналған инновациялық жоба жөніндегі іс-шараларға жергілікті бюджеттен қаражат беруге технологияларды қолдану үшін объективтік қажеттілік және іріктең алынған инновациялық технологияның бәсекеге қабілеттілік артықшылықтары негіз болып табылады.

**3-тaraу. Инновациялық жобаны енгізу және тарату бойынша қабылданған шаралар туралы есеп беру тәртібі**

### **1. Инновациялық жобалардың іске асырылуына мониторинг және бақылау**

28. Қаражаттың оның мақсатына сәйкес жұмсалуын тиімді бақылау мақсатында бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім иесі ұсынған аралық есептерге сәйкес іс-шаралардың іске асырылуына тұрақты мониторинг жүргізеді.

29. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарын (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) іске асыру жөніндегі бүкіл құжаттаманың жасалған шарттың талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге

асырады. Растьтын ақпараттың шарттың талаптарына сәйкес еместігі анықталған жағдайда, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мұндай ақпарат келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде қосымша ақпарат беру немесе анықталған сәйкесіздіктерді жою қажеттілігі туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

30. Жұмсалған шығыстардың инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары мен жобаның бюджетіне сәйкестігін тексеру мақсатында жобаны орындау барысында қажет болған жағдайда жергілікті атқарушы органның мүдделі уәкілетті органдарының мамандарын тарту арқылы бюджеттік бағдарламаның әкімшісі:

1) өтініш берушілердің бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың барысы туралы, оның ішінде бөлінген қаражаттың пайдаланылуы және қол жеткізілген нәтижелер туралы есептерді ұсынуды;

2) инновациялық жобаларды іске асыру бойынша іс-шаралар шеңберінде атқарылған жұмыстарды ай сайын актілеуді;

3) растьтын ақпарат шарттың талаптарына сәйкес болмаған немесе инновациялық жобаларды іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары белгіленген мерзімдерде орындалмаған жағдайда бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қосымша іс-шаралар жүргізу немесе қосымша ақпарат беру туралы өтініш берушілерге хабардар етуді қамтитын ағымдағы қаржылық мониторингін жүзеге асырады.

31. Өтініш берушіге қажет болғанда, инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларға мониторинг жүргізу үрдісінде Іс-шаралар жоспарын іске асыруды жүзеге асыратын обьектілерге Атырау облысының АӘК-де мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі жергілікті атқарушы органның уәкілетті органдары өкілдерінің қолжетімділігін, сондай-ақ олардың ресми сұрау салуы бойынша инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларға тікелей қатысты барлық қажетті ақпараттың беруін қамтамасыз етуге міндетті.

## 2. Нәтижелерді бағалау және қабылдау

32. Инновациялық жобаларды іске асыру бойынша іс-шаралардың нәтижелерін аралық бағалау инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес орындалған жұмыстардың аралық актілеріне қол қою арқылы жүзеге асырылады. Орындалған жұмыстардың аралық актілеріне жұмыстардың орындалуы мен қол жеткен нәтижелер фактісін растьтын барлық қажетті іс-құжаттар қоса беріледі.

33. Инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың нәтижелерін қорытынды бағалау іске асыру аяқталғаннан кейін жүргізіледі және келісімді көздейді:

1) іске асырылған іс-шаралардың барлығының нәтижелілігінің жетістігін, сипаттамасын, сондай-ақ енгізіліп отырған ғылыми әзірлеменің тиімділігін арттыру және алынған тәжірибелі одан әрі тарату бойынша ұсыныстарды қамти отырып, қорытынды есеп беру;

2) жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілуі, қаражаттың мақсатқа сәйкес және тиімді игерілуі бойынша Қаражат бөлу жөніндегі комиссияның қорытынды есебін бағалау;

3) іс-шаралардың іске асыру жөніндегі орындалған жұмыстардың қорытынды актісіне қол қою.

34. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) үш дана актісіне инновациялық жобаларды іске асыруға қатысқан өтініш берушілер арасында қол қойылады және бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен бекітіледі.

35. Өтініш берушілер бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы Қафидага 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысанда қорытынды және қаржылық есептер береді.

36. Шартта көзделген барлық іс-шараларды орындау қорытындысы бойынша қорытынды есеп беріледі.

37. Барлық есептер қағаз және электронды тасығыштарда беріледі.

38. Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің өтініш берушінің аралық есептерін қарau мерзімі есеп берілген сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайды, ал қорытынды есеп берілген күннен бастап-біr айдан аспайды.

Атырау облысының агроенеркәсіптік

кешen саласында инновациялық

жобаларды іріктеуді ұйымдастыру

Қафидасына 1-қосымша

## Өтінім нысаны

1.	Тіркеу нөмірі және күні (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметкерлерімен толтырады)	
2.	Инновациялық жобаның атауы	
3.	Атырау облысы АӨК-де инновациялық тәжірибе енгізіліп, таратылатын сала (кіші сала)	
4.	Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараның қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі мақсаттарын және мәнін, жоба нәтижелерінің нақты колданылуы, осыған ұқсас жобаларды іске асыруға қатысу тәжірибесін көрсету)	
5.	Жобаның ұзактығы (айлар бойынша)	
6.	Жобаның басталған және аяқталған күндері	
7.	Сұратылған қаражаттың сомасы (тенге)	

8.	Өтініш берушінің атауы, мекен-жайы, телефон/факсы, электрондық поштасының мекен-жайы	
9.	Өтініш берушінің байланыс жасауышы тұлғасының аты-жөні, мекенжайы, телефоны, электрондық поштасы	
10.	Иновациялық жобаның жетекшісі (F3Y қызметкері) (аты-жөні, лауазымы, телефон/факсы, электрондық поштасы көрсетіледі)	
11.	Иновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға қатысатын АӨК субъектісінің атауы, мекенжайы, телефон/факсы, электрондық поштасы	

Атырау облысының агроенеркәсіптік  
кешен саласында инновациялық  
жобаларды іріктеуді үйімдастыру  
Қағидасына 2-қосымша

### Иновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (атауын көрсету)

Жұмыс түрлері	Күтілетін нәтижелер (1 жыл)			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
1.				
2.				

Жұмыс түрлері	Күтілетін нәтижелер (2 жыл)			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
1.				
2.				

Атырау облысының агроенеркәсіптік  
кешен саласында инновациялық  
жобаларды іріктеуді үйімдастыру  
Қағидасына 3-қосымша

### Иновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына түсіндірме жазба

1. Инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараның атауы
2. Иc-шараны іске асыру орны: аудан, елді мекен
3. Инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының мақсаттары мен міндеттері (1 беттен артық емес)

4. Инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына қатысушы негізгі өтініш берушінің (ғылыми зерттеу ұйымының) және АӨК-і субъектілерінің қысқаша сипаттамасы (1 беттен артық емес):

1) толық атау;

2) инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына қатысушы негізгі өтініш берушінің және АӨК субъектілер қызметінің сипаттамасы;

3) басты мамандар, олардың атқаратын жұмыс түрлері (түйіндемесі және біліктілігін растайтын құжаттары қоса берілуі қажет);

4) осы бағдарлама шеңберінде басқа жобалардың іске асырылуы туралы ақпарат.

АӨК субъектісінен өтініш жеке тұлға ретінде берілген жағдайда оның білімі, жасы, қызметінің негізгі түрі және жұмыс тәжірибесі көрсетілуі қажет.

5. Инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының негіздемесі: өндірістің осы сегментіндегі проблеманы, іс-шара қай мәселені шешуге бағытталғанын көрсету. Іс-шараны іске асырудың маңызы мен қажеттілігі, оның Атырау облысының АӨК-де технологиялық даму деңгейіне және еңбек өнімділігіне ықпалының сипаттамасы (0,5 беттен артық емес).

6. Инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде атқарылатын негізгі жұмыстардың сипаттамасы: қандай жұмыстар атқарылады; өндірісте қолдану үшін, жобаны орындау барысында сынақтан өткізіп, көрсету үшін ұсынылатын нақты шешімдер және технологиялар, нақты шаруашылық, аудан мен облыс экономикасы үшін практикалық мәнін бағалау. Әр жұмыстың мақсатын, мазмұнын, ұзақтығын, күтілетін нәтижелерін, ресурстардың қажеттілігін көрсету қажет, соның ішінде Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға қатысатын АӨК субъектісінің базасында ғылыми әзірлемелерді (технологияларды) енгізу және тарату жөніндегі F3Y әдіснамасын көрсету (2 беттен артық емес).

7. Нәтижелілік: инновациялық жобаларды іске асыру нәтижелерінің сан мен сапа түрғысынан көрсеткіштері. Жеткізушиңің еңбек өнімділігін және ауданның (облыстың) экономикасын жақсартуға ықпалын бағалай отырып, нақты, айқын нәтижелер қамтылуы тиіс.

Инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың экономикалық пайдаларын бұрын қолданылған технологиялармен салыстырып, көрсетіп Атырау облысының АӨК-ін дамыту, аграрлық нарықтағы ахуал түрғысынан іс-шараның мақсатқа сәйкестігін негіздеу (1 беттен артық емес).

8. Экологиялық бағалау ұсынылып отырған технологиялардың қоршаған ортаға және Атырау облысының табиғат қорларына ықпалын бағалауды да қамтуы тиіс (он, ықпал, ықпалсыз немесе кері ықпал). Кері ықпал еткен жағдайда мұндай ықпалдың зардабын азайту үшін не істелетінін көрсету қажет (0,5 беттен артық емес).

9. Тәуекелдер: инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын табысты аяқтаудағы негізгі тәуекелдер және мұндай тәуекелдерден өту жөніндегі шаралар (0,5 беттен артық емес).

10. Жобаның бейімділігі: инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шараларға қатысуши АӨК субъектілер өндірісінің қаржыландыру аяқталғаннан кейінгі орнықтылығын қамтамасыз ету үшін қолданылатын шараларды сипаттау қажет (0,5 беттен артық емес).

## Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру Қағидасына 4-көсімшa

## **Инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың шығыстар сметасы (атауын көрсету)**

мың теңге

Ескеरтпе: Инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың сметасы, инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың әрбір жылына бөлек көрсетіледі.

"Шығыстар бабы" бағанында бюджет қаражатынан қаржыландырылатын және өтініш берушілердің өз қаражатынан (болған жағдайда) жұмсалған шығыстар бөлек көрсетіледі.

Атырау облысының агроОнеркәсіптік  
кешен саласында инновациялық  
жобаларды іріктеуді ұйымдастыру  
Қағидасына 5-қосымша

### Аралық есептің нысаны

Есеп беру күні	
Өтініш берушінің атауы	
Шарттың нөмірі мен күні	
Қаржыландырудың мақсаты	
Қаржыландырудың сомасы	
Есептілік кезеңі	
Қол жеткізілген нәтижелер	
Корғау құжатының атауы ( <i>бар болған жағдайда</i> )	
Корғау құжатының берілген күні мен нөмірі ( <i>бар болған жағдайда</i> )	

Инновациялық жобаны енгізу бойынша қол жеткізілген нәтижелер:

№	Әріптестік атауы	Шарттың атауы	Шарттың нөмірі және күні	Шарттың сомасы	Шарттың мерзімі	Ақы төлеу шарттары
1						

Инновациялық жобаның нәтижелерін одан әрі тарату жөніндегі іс-шаралар:

№	Әлеуетті әріптестік атауы	Iс-шара	Болжамды шығыстар сомасы	Шарт жасасудың болжамды мерзімдері
1				
2				

Инновациялық жобаның нәтижелерін енгізуудің нақты нысаны мен көлемдері:

№	Енгізу нысаны	Енгізу көлемдері\мың теңге\		
		1-жыл	2-жыл	3-жыл
1	А у ы л шаруашылығы өнімдерінің жана өндірісін ұйымдастыру және/ немесе жаңа турлерін енгізу;			

2	Жаңа агротехнологияны және/немесе қызметтерді енгізу ді үйымдастыру;			
3	Жаңа технологиялық жабдықтарды үйымдастыру;			
4	Агротехнологияларды енгізу дің басқа да нысандары			

Ескертпе: аралық және қорытынды есеп нысаны қаржыландырудың ерекшеліктеріне байланысты толтырылады.

Атырау облысының агроенеркәспіткі кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді үйымдастыру  
Қағидасына 6-қосымша

### Қорытынды есептің нысаны

Есеп беру күні	
Өтініш берушінің атауы	
Шарттың нөмірі мен күні	
Каржыландырудың мақсаты	
Каржыландырудың сомасы	
Есептілік кезеңі	
Көл жеткізілген нәтижелер	
Корғау құжатының атауы ( <i>бар болған жағдайда</i> )	
Корғау құжатының берілген күні мен нөмірі ( <i>бар болған жағдайда</i> )	

Инновациялық жобаны енгізу бойынша қол жеткізілген нәтижелер:

№	Әріптестік атауы	Шарттың атауы	Шарттың нөмірі және күні	Шарттың сомасы	Шарттың мерзімі	Акы төлеу шарттары
1						

Инновациялық жобаның нәтижелерін одан әрі тарату жөніндегі іс-шаралар:

№	Әлеуетті әріптестік атауы	Iс-шара	Болжамды шығыстар сомасы	Шарт жасасудың болжамды мерзімдері
1				
2				

Инновациялық жобаның нәтижелерін енгізу дің нақты нысаны мен көлемдері:

№	Енгізу нысаны	Енгізу көлемдері\мың теңге\		
		1-жыл	2-жыл	3-жыл

1	А у ы л шаруашылығы өнімдерінің жана өндірісін ұйымдастыру және/ немесе жана турлерін енгізу;			
2	Ж а н а агротехнологияны және/немесе қызметтерді енгізу ді ұйымдастыру;			
3	Ж а н а технологиялық жабдықтарды ұйымдастыру;			
4	Агротехнологиялар ды енгізу дің басқа да нысандары			

Ескертпе: аралық және қорытынды есеп нысаны қаржыландырудың ерекшеліктеріне байланысты толтырылады.

Атырау облысының агроенеркәсптік  
кешен саласында инновациялық  
жобаларды іріктеуді ұйымдастыру  
Қағидасына 7-қосымша

## 200\_ жылғы " " № \_\_\_\_ шарт бойынша берілген нысаналы бюджеттік қаражаттың пайдаланылуы туралы қаржылық есеп

№	Смета бойынша шығыстар балтарының атауы	Смета бойынша бюджеттік қаражаттың сомасы	Жұмсалған сома	Қаражат қалдығы	Растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7
Барлығы:						

Ескертпе: мақсатты пайдаланылғанын растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілуі қажет.

Өтініш беруші \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)

М.О.

Ескертпе: Нысаналы бюджеттік қаражатты пайдалану туралы қаржылық есеп жыл сайын Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасына инновациялық жобаны іске асыру мерзімі ішінде беріледі.

Атырау облысының агроенеркәсптік  
кешен саласында инновациялық

## Өнірдің агроОнеркәсіп кешені саласында инновациялық жобаны енгізу және тарату бойынша үлгі шарты

№ \_\_\_\_ " \_\_\_\_ " 20\_\_ ж.

\_\_\_\_ атынан, бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын, ереженің негізінде әрекет ететін, "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі бір тараптан, және бұдан әрі Орындаушы деп аталатын, \_\_\_\_\_ атынан, жарғының негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

(уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

екінші тараптан, \_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_\_\_ Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының шешімін және \_\_\_\_\_ комиссия отырысының 20\_\_ жылғы №\_\_\_\_ хаттамасын басшылыққа ала отырып, инновациялық жобаны енгізу және тарату бойынша осы Шартты жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

### 1. Шарттың мәні

1.1. 019 "Инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды жүргізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша "АӨК-ді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Атырау облысының агроОнеркәсіптік кешені саласындағы инновациялық жобаны енгізу және тарату бойынша атқарылатын жұмыстарды Тапсырыс беруші міндеттейді, ал Орындаушы өзіне қабылдайды.

Бағдарлама бойынша:

Бағыты:

Тақырыбы бойынша:

1.2. Орындаушы \_\_\_\_\_ инновациялық жобаны тарату және енгізу бойынша мынадай шаруашылықтардың өндірістік жағдайларында қызмет көрсетуге міндеттенеді:

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

) \_\_\_\_\_ "

\_\_\_\_\_ " әзірлеген және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын \_\_\_\_\_ инновациялық жобаға сәйкес.

1.3. 201\_ жыл ішінде Орындаушының қызметтер көрсету мерзімі.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар және оларда баяндалған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

1) осы Шарт;

- 2) осы шарттың 2-тармағында баяндалған инновациялық жобаның сипаттамасы (техникалық ерекшелік);
- 3) инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары (осы шартқа 1-қосымшаға сәйкес);
- 4) көрсетілген қызметтердің қабылдау-тапсыру актісі (осы шартқа 2-қосымшаға сәйкес)

1.5. Қызмет Тапсырыс беруші мен орындаушының арасында Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін көрсетілген болып есептеледі.

## **2. Біліктілік сипаттараты мен экономикалық көрсеткіштер бойынша инновациялық жобаның сипаттамасы**

- 2.1. Жұмыстың бағыты:
- 2.2. Ғылыми-техникалық деңгейі (жаңалық):
- 2.3. Атырау облысының АӨК-дегі қолданылатын саласы:
- 2.4. Енгізу мен таратудың нақты соңғы нәтижесі:
- 2.5. Енгізу мен таратудың экономикалық тиімділігі.

## **3. Таратардың құқықтары мен міндеттері**

3.1. Орындаушы міндетті:  
3.1.1. \_\_\_\_\_ инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға сәйкес тиісінше сапалы қызметтер көрсетуге.

3.1.2. Осы шарттың 1.3-тармағында көрсетілген мерзімде қызметті толық көлемде көрсетуге.

3.1.3. Егер қызмет көрсету барысында Орындаушы осы Шарттың талаптарынан ауытқыса, барлық айқындалған кемшіліктерді Тапсырыс берушінің талабы бойынша тегін түзетуге.

3.1.4. Орындаушы осы Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген мерзімге дейін орындалған жұмыстар туралы толық қорытынды есеп беруге міндетті.

- 3.2. Тапсырыс беруші:

3.2.1. Орындаушы атқаратын жұмыстың барысы мен сапасын оның қызметіне араласпай тексеруге.

3.2.2. Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылғанға дейін Тапсырыс берушінің Шартты орындаудан бас тарту туралы жазбаша хабарламасын алғанға дейін Орындаушы көрсеткен қызметтердің бір бөлігіне тең белгіленген бағаны төлей отырып, кез келген уақытта Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

## **4. Шарттың жалпы сомасы және ақы төлеу шарттары**

4.1. Шарттың жалпы сомасы барлық салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді қоса алғанда қызметтер көрсетуге байланысты бүкіл шығындардың құнын қоса есептегенде \_\_\_\_\_ тенгені (жазбаша) құрайды.

4.2. Тапсырыс беруші Орындаушиның көрсеткен қызметтеріне мынадай тәртіппен ақы төлейді:

Осы Шарт Қазынашылық органдарында тіркелген сәттен бастап 5 (бес) банктік қүн ішінде Тапсырыс беруші Шарт сомасының 30 пайзызы көлеміндегі соманы алдын ала төлейді.

Бұдан кейінгі ақы төлеу нақты көрсетілген қызметтер бойынша, Орындаушы көрсеткен қызметтерге шот-фактура мен қабылдау-тапсыру актісі негізінде, алдын ала төлем толық өтелгеннен кейін, ай сайын жүргізіледі.

4.3. Қаржыландыру көзі: \_\_\_\_\_ облысының жергілікті бюджеті.

4.4. Орындаушы және қосымша орындаушылар өздерінде тиісті бухгалтерлік есеп жүргізуді және орындалған жұмыстың кезендері бойынша нақты құнына талдау жасауға міндетті.

## 5. Жұмысты тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Бекітілген Атырау облысының АӨК саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасына сәйкес ғылыми-техникалық және Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындаудың кезендерінде Орындаушы ресімдеп, тапсыруға жататын өзге де құжаттаманы бере отырып, Тапсырыс берушіге инновациялық жобаны енгізу және тарату бойынша орындалған жұмыстары туралы тоқсан сайынғы аралық есеп беруге міндеттенеді.

5.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге инновациялық жобаны тарату және енгізу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы жылдық қорытынды есепті осы Шарт орындалып біткеннен кейін \_\_\_\_\_ жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей беруге міндетті.

5.3. Орындаушы Тапсырыс берушіге \_\_\_\_\_ жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірмей орындалған жұмыстардың актісін береді.

5.4. Жұмыстар мерзімінен бұрын орындалған жағдайда, Тапсырыс беруші мерзімінен бұрын жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге құқылы.

5.5. Орындаушы жұмыстың кері нәтиже алуға немесе жұмыстарды бұдан әрі жүргізуді жалғастыру мақсатқа сәйкес еместігін жол бермеуі тиіс.

## 6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Шартта көзделген міндеттер орындалмаған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптар мен тәртіpte жауапкершілікті болады.

6.2. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, Шартқа орындаушының ұсынылатын қызметтеріне ешқандай толықтырулар немесе өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

6.3. Жұмыс көрсетілген мерзімде орындалмаған жағдайда, Орындаушы бюджет табысына мерзімінен кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,03% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

## 7. Дауларды шешу тәртібі

7.1. Орындаушының тарапынан осы Шартта көзделмеген жағдайда тәртіп бұзылғаны анықталса, осы Шарт кез келген кезеңінде бұзылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда, Орындаушы осындай негізben осы Шарттың бұзылуына байланысты шығындарды өтеуді Тапсырыс берушіден талап етуге құқылы емес.

7.2. Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша немесе оған байланысты барлық келіспеушілік пен дауларды тікелей келіссөздер жүргізу барысында шешу үшін жұмыстануы тиіс.

7.3. Егер осындай келіссөздер жүргізу басталған күннен кейін 21 күн ішінде тараптар Шарт бойынша өзара дауды шеше алмаса, тараптардың әрқайсысы бұл мәселенің шешілуін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап ете алады.

## 8. Басқа да шарттар

8.1. Шарт мемлекеттік және / немесе орыс тілінде жасалады.

8.2. Осы Шарт үш данада жасалды. Үш дананың өзара айырмашылығы жоқ және бірдей күші бар.

8.3. Шартқа сәйкес бір тараптан екінші тарапқа жолданатын кез келген хабарлама кейін түпнұсқасын ұсынумен хат, жеделхат, телекс немесе факс арқылы жіберіледі.

8.4. Егер орындаушы кездейсоқ жағдайларды қоспағанда Шартта көзделген мерзімде қызметтерді ұсына алмаса, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Шарт шенберіндегі өзінің өзге де құқығына нұксан келтірместен әрбір кешіктірілген күн үшін Шарт құнының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының қосымша сомасы түрінде Шарт бағасынан ұстап қала алады.

8.5. Егер Шартты орындаудың кешіктірілуі форс-мажорлық жағдайлардың салдарынан болса, оның талаптарының орындалмағаны үшін Орындаушы тұрақсыздық айыбының төленуіне немесе Шарттың бұзылуына жауапты болмайды.

8.6. Осы Шарттың мақсаттары үшін "форс-мажор" Орындаушы тарапынан бақылауға бағынбайтын, алдын ала болжауға болмайтын сипаттағы және Орындаушының қателігіне немесе салдыр-салақтығына қатысы жоқ оқиғаны білдіреді.

Мұндай оқигалар соғыс жағдайы, табиғаттағы және дүлей апаттар, оба, карантин және қызметтерді көрсетуге эмбаргоны қамтуы, алайда мұндай әрекеттерімен шектелмеуі мүмкін.

8.7. Форс-мажорлық жағдай туындағанда Жеткізуші мұндай жағдайлар мен олардың себебі туралы бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Егер бюджеттік бағдарламаның әкімшісінен өзге жазбаша нұсқаулық келмесе, Орындаушы Шарт бойынша мақсаттылығына қарай міндеттемелерін орындауды жалғастырады және Шартты орындаудың форс-мажорлық жағдайға қатысы жоқ тиімді жолдарын іздестіреді.

## **9. Таратардың мекен-жайлары мен деректемелері**

Тапсырысшы: Орындаушы

---

(қолы) (қолы)

М.О. М.О.

201\_ жылға \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ шартқа 1-қосымша

### **Инновациялық жобаны(ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

1. Инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараның атауы
2. Иc-шараны іске асыру орны: аудан, елді мекен
3. Инновациялық жобаны(ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының мақсаттары мен міндеттері
4. Инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шараларға қатысушы АӨК субъектілерінің және негізгі өтініш берушінің (ғылыми-зерттеу ұйымының) қысқаша сипаттамасы:
  - 1) толық атауы;
  - 2) АӨК субъектілерінің инновациялық жобаларын іске асыру жөніндегі іс-шараларға қатысушылардың және негізі өтінім берушінің қызметінің сипаттамасы;
  - 3) басты мамандар және олардың атқаратын жұмыс түрлері (түйіндемесі және біліктілігін растайтын құжаттарын қоса берілуі қажет);
  - 4) осы бағдарлама шеңберінде басқа жобалардың іске асырылуы туралы ақпарат.
- АӨК субъектісінен өтініш жеке тұлға ретінде берілген жағдайда оның білімі, жасы, қызметінің негізгі түрі және жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат көрсетілуі қажет.
5. Инновациялық жобаны (ларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының негізdemесі: өндірістің осы сегментіндегі проблеманы, іс-шара қай мәселенің шешіміне бағытталғанын көрсету. Иc-шараны іске асырудың маңызы мен қажеттілігі, Атырау облысының АӨК технологиялық даму деңгейіне және еңбек өнімділігіне ықпалының сипаттамасы (0,5 беттен артық емес).

6. Инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды жоспарын іске асыру шеңберінде атқарылатын негізгі жұмыстардың сипаттамасы: қандай жұмыстар атқарылады; өндірісте қолдану үшін, жобаны орындау барысында сынақтан өткізіп көрсету үшін ұсынылатын нақты шешімдер және технологиялар, нақты шаруашылық, аудан мен облыс экономикасы үшін практикалық мәнін бағалау. Әр жұмыстың мақсатын, мазмұнын, ұзақтығын, күтілетін нәтижелерін, ресурстардың қажеттілігін көрсету қажет, сонымен бірге Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға қатысатын АӨК субъектісінің базасында ғылыми әзірлемелерді (технологияларды) енгізу және тарату жөніндегі F3Y әдіснамасын көрсету.

7. Нәтижелілік: инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың іске асырылу нәтижелерінің сандық мен сапалық көрсеткіштері. Өтініш берушінің еңбек өнімділігі мен өндіріс тиімділігі және ауданың (облыстың) экономикасын жақсартуға еткен ықпалын бағалай отырып нақты, айқын нәтижелер қамтылуы тиіс.

Инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды іске асырудың экономикалық пайдаларын бұрын қолданылған технологиялармен салыстыра отырып, өнірдің АӨК дамыту, аграрлық нарықтағы ахуал түрғысынан іс-шараның мақсатқа сәйкестігін негіздеу (1 беттен артық емес).

8. Экологиялық бағалау ұсынылып отырған технологиялардың қоршаған ортага және өнірдің табиғат қорларына ықпалын сипаттауды да қамтуы тиіс (оң ықпал, ықпалсыз немесе кері ықпал). Кері ықпал еткен жағдайда мұндай ықпалдың зардабын азайту үшін не істелетінін көрсету қажет (0,5 беттен артық емес).

9. Тәуекелдер: Инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды табыспен аяқтаудағы негізгі тәуекелдер және сол тәуекелдерден өту жөніндегі шаралар.

10. Жобаның бейімділігі: инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларға қатысушы АӨК субъектілер өндірісінің қаржыландыру аяқталғаннан кейінгі тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қолданылатын шараларды сипаттау қажет.

201\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ шартқа 2-қосымша

201\_\_ "\_\_\_" \_\_\_ №\_\_\_\_\_

**Шарт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актісі**

№\_\_\_\_ 201\_\_ "\_\_\_" \_\_\_

Біз, төменде қол қоюшылар, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін Тапсырыс берушінің атынан бірінші басшысы \_\_\_\_\_ бір тараптан және \_\_\_\_\_ атынан, Жарғыны негізге алып әрекет етуші екінші тараптан, 201\_\_ "\_\_\_" \_\_\_ №\_\_\_\_\_

Шартқа сәйкес 019 "Инновациялық тәжірибелі тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды жүргізу"деген бюджеттік бағдарлама бойынша, Тапсырыс беруші мынадай көрсетілген қызметтерді қабылдады:

1)

2)

3)

Атқарылған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) құны \_\_\_\_\_

---

Сома санмен және жазбаша, валюта атавы.

Барлық салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді қоса.

Жұмыстар (көрсетілген қызметтер) сапалы орындалған, Шарттың талаптарын қанағаттандырады. Тараптардың өзара наразылығы жоқ.

Тапсырысшы: Орындаушы

---

(қолы) (қолы)

М.О. М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК